

Абай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 22 тамыздағы № 18/3-VIII "Абай ауданында ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Абай облысы Абай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 28 наурыздағы № 25/7-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 11 сәуірде № 435-18 болып тіркелді

Абай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай аудандық мәслихатының "Абай ауданында ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін бекіту туралы" 2024 жылғы 22 тамыздағы № 18/3-VIII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 317-18 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1- қосымшасының 3 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Абай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алуға, алушылардан өтініштерін талап етпей, мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларымен бекітілген жинақ тізім негізінде, екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы көрсетіледі."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

М. Нұрсұлтанұлы